

Түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сатып алынған және өткізілген сынығы мен қалдықтары туралы есептіліктілігінің нысанын және оны ұсыну мерзімдерін айқындау туралы және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № 148 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 25 наурызда № 27223 болып тіркелді

"Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 39) тармақшасының үшінші абзацына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сатып алынған және өткізілген сынығы мен қалдықтары туралы есептіліктілігінің нысаны және оны ұсыну мерзімдері бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтары туралы есептілікті ұсыну нысаны мен мерзімін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 161 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20260 болып тіркелген);

2) "Түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтары туралы есептілікті ұсыну нысаны мен мерзімін айқындау туралы" Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 161 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі № 205 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22693 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрі

К. Ускенбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2022 жылғы 24 наурыздағы
№ 148 Бұйрығымен
бекітілген

Түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сатып алынған және өткізілген сынығы мен қалдықтары туралы есептіліктілігінің нысаны және оны ұсыну мерзімдері

Ұсынылады: өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректердің нысаны интернет – ресурста орналастырылған:
www.miid.gov.kz

Әкімшілік дереккөздер нысанының атауы: Түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сатып

алынған және өткізілген сынығы мен қалдықтары туралы есептіліктілігінің нысаны және оны ұсыну мерзімдері.

Әкімшілік дереккөздер нысанының индексі: 1-ТҚМСҚЖ

Кезеңділік: тоқсан сайын.

Есепті кезең: _____ жылғы _____ тоқсан

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне дейін.

Заңды тұлғаның атауы: ("___" ЖШС, АҚ), БСН _____

Түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарын сатып алу						Түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарын өткізу					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Сатушының атауы	Сатушының заңды мекенжайы	Сатушының БСН / ЖСН-і	1 тонна үшін баға, теңге	Салмағы тоннамен	Жалпы құны	Облыс, аудан (тіеу)	ӘАОЖ коды	Сатып алушының атауы	Сатып алушының өңірі	Сатып алушының БСН /ЖСН-і	1 тонна үшін баға, теңге

Кестенің жалғасы

Түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарын өткізу	
13	14
Салмағы тоннамен	Жалпы құны

Ескертпе: Нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Орындаушы _____ қолы, күні
тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде)

_____ қолы, күні
тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде)

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам
_____ қолы, күні

тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде)

Ескертпе:

АҚ – акционерлік қоғам;

ӘАОЖ – әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуші;

(ӘАОЖ кодтарының анықтамалығы WWW.stat.gov.kz сайтында жарияланған);

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

(дайындау), сақтау, қайта өңдеу
және өткізу жөніндегі қызметті
жүзеге асыратын заңды
тұлғалардың
түсті және қара металдардың
сатып
алынған және өткізілген сынығы
мен қалдықтары туралы
есептіліктілігінің
нысанына және оны ұсыну
мерзімдеріне
қосымша

Түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сатып алынған және өткізілген сынығы мен қалдықтары туралы есептіліктілігінің нысанын толтыру бойынша түсініктеме (1-ТҚМСҚЖ)

1-бағанда түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сатушының атауы көрсетіледі;

2-бағанда түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сатушының заңды мекенжайы көрсетіледі;

3-бағанда түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сатушының бизнес сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

4-бағанда 1 тонна үшін сатып алынған сынықтың бағасы көрсетіледі;

5-бағанда сатып алынған түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарының салмағы көрсетіледі;

6-бағанда сатып алынған сынықтың жалпы құны көрсетіледі;

7-бағанда түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарын тиеп жөнелту жүзеге асырылған облыс, аудан көрсетіледі;

8-бағанда ЭАОЖ коды көрсетіледі;

9-бағанда түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарын сатып алушының атауы көрсетіледі;

10-бағанда түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарын сатып алушының заңды мекенжайы көрсетіледі;

11-бағанда түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарын сатып алушының бизнес сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

12-бағанда 1 тонна үшін өткізілген түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарының бағасы көрсетіледі;

13-бағанда өткізілген түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарының салмағы көрсетіледі;

14-бағанда түсті және қара металдардың сынығы мен қалдықтарының жалпы құны көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК